**6D071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға «Түзету-қағу-өңдеу ВПО-3-3000 машинасын жаңғырту» тақырыбына орындалған Карсакова Акбопе Жолаевнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Рецензиялау үшін ұсынылып отырған ғылыми жұмыс көлік техникасы саласындағы өзекті тақырыпқа жазылған және «Нұрлы жол» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасына сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған. | Диссертация ғылымға, атап айтқанда жолды жөндеуге арналған машина құрылысын жаңғырту арқылы теміржол көлігінің тиімділігін арттыру теориясы мен практикасына айтарлықтай үлес қосады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) <u>жоғары;</u><br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Жұмыс өз бетінше орындалды. Деңгейі жоғары. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) <u>негізделген;</u><br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертацияның өзектілігі негізделген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) <u>айқындайды;</u><br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен көрсетеді. Қорғауға шығарылатын зерттеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ережелері, мақсаттары мен міндеттері, нәтижелері мен қорытындылары бір-бірімен келісілген және диссертация тақырыбына сәйкес келеді. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері диссертацияның тиісті тарауларымен (бөлімдерімен) расталатын зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толығымен логикалық тұрғыда байланысқан. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Автор ұсынған жаңа шешімдер белгілі шешімдермен негізделген және бағаланады: диссертациялық жұмыстың авторы әртүрлі тәсілдерді егжей-тегжейлі сипаттайды. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Толығымен жаңа нәтижелер:<br>- машинаны жаңғырту әдістерін негіздеу және машиналардың тораптарын жаңғырту уақытын белгілеу;<br>- көтеру-тегістеу құрылғысының кернеулі-деформацияланған күйін сипаттайтын тәуелділіктер;<br>- теміржол жолын жөндеуге арналған машиналардың тораптарының істен шығу жиілігі мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | себептерінің интервалдан (учаскенің ұзындығынан) және істен шығуға арналған жұмыс уақытынан алынған статистикалық тәуелділігі. Көлемді гидравликалық жетекті және экономикалық тиімділікті есептеу ішінара жаңа болып табылады. Жалпы, нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның тұжырымдары толығымен жаңа болып табылады, өйткені алғаш рет ҚР теміржол жолдарын жөндеу жағдайына талдау жүргізілді, ВПО-3-3000 машинасының тиімділігі бойынша статистикалық тәуелділіктер алынды, ауыстыру құнына байланысты машинаны ішінара жаңғыртудың оңтайлы уақыты, көтергіш-тегістеу құрылғысының кернеулі-деформацияланған күйінің тәуелділігі алынды, экономикалық тиімділік істен шығу ықтималдығының шамасы бойынша есептелді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып | Техникалық және экономикалық шешімдер толығымен жаңа. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Ғылыми тұрғыдан алғанда барлық негізгі тұжырымдар диссертациялық жұмыста ұсынылған автордың жұмысының нәтижелерімен сапалы және сандық негізделген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | Жөндеуге арналған машиналардың жиіліктері мен істен шығу себептері туралы қағидаттар дәлелденген;<br>- ВПО-3-3000 машинасының істен шығу себептері туралы қағидат дәлелденді;<br>- жаңғырту әдісін таңдау дәлелденген;<br>- кернеулі-деформацияланған күйдің көрінісі дәлелденген;<br>- экономикалық жағдай мен гидравликалық жетектің есептері дұрыс;<br>- ережелер тривиалды емес;<br>- қолдану деңгейі кең;<br>- мақала дәлелденген. |
| 8. | Дәйектілік принципі<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Зерттеу әдістемесі негізделген және міндеттерге сәйкес келеді. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Зерттеу нәтижелері заманауи әдістерді қолдана отырып алынды, атап айтқанда: паретизациялау, экономико-математикалық модельдеу, ANSYS бағдарламасын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қолданып, көтеру-тегістеу құрылғысының деформациялық күйі зерттелді. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | Теориялық қорытындылар, тұжырымдар, анықталған қатынастар эксперименттік зерттеулермен дәлелденді. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Ең маңызды мәлімдемелер толығымен расталды. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер көзі әдеби шолу үшін жеткілікті. |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертацияның қағидаттарында теориялық маңызы бар: жаңғыртуға оңтайлы уақытты таңдауда және көтеру-тегістеу роликті қармау механизмінің беріктігін қарастыруда. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы мен безендіруге ескертулер жоқ. |

6D071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға орындалған Карсакова Акбопе Жолаевнаның

«Түзету-қағу-өңдеу ВПО-3-3000 машинасын жаңғырту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы шешілетін мәселенің өзектілігі, алынған нәтижелердің жаңалығы, олардың негізділігі мен айқындылығы, зерттеулердің көлемі мен практикалық маңыздылығы сияқты негізгі белгілері бойынша көлік техникасын дамыту үшін белгілі бір маңызы бар аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертация құрылымы мен мазмұны бойынша «Дәрежелер беру ережелерінің» барлық талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Карсакова Акбопе Жолаевна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**
**техника ғылымдарының докторы,**
**Л.Н. Гумилев атындағы**
**Еуразия Ұлттық Университетінің** **Сазамбаева Баян Токушевна**
**«Көлік, көлік техникасы және технологиялары»**
**кафедрасының профессоры**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«18» 11 2021 г.